

Атырау облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газды тұтыну нормасын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2025 жылғы 9 маусымдағы № 115 қаулысы

Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27, 37-баптарына, "Газ және газбен жабдықтау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 7-бабының 5-тармағына сәйкес Атырау облысының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газды тұтыну нормасы бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

С. Шәпкенов

Атырау облысы
әкімдігінің 2025 жылғы
09 маусымдағы № 115
қаулысына қосымша
Атырау облысы
әкімдігінің 2025 жылғы
09 маусымдағы № 115
қаулысымен бекітілген

Атырау облысы бойынша мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және тұрғын үй көмегін алушыларға тауарлық газдың тұтыну нормасы

№	Тауарлық газ тұтынушыларының сипаттамасы	Ай сайынғы норма, жылыту маусымында, м3	Ай сайынғы норма, жылыту маусымынан тыс, м3
1	Жылыту қазандығы, газ плита және су жылытқышы бар үй шаруашылығы	755	148

Аббревиатураның толық жазылуы:

м3 – текше метр.